	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже
		Редакция: 1 Страница 1 из 11

Бекітілген
 Басқарма шешімімен
2024 жылғы 11.07.
 № 21 хаттамасымен

Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже


Қолдану мерзімі « <u>11</u> » <u>07.</u> 20 <u>24</u> ж. бастап « <u>11</u> » <u>07.</u> 20 <u>29</u> ж. дейін	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Әрекеттегі <input checked="" type="checkbox"/> N Ескірген <input type="checkbox"/>
Алдыңғы ескірген құжат: Ректордың 20 <u>23</u> жылғы « <u>23</u> » <u>02.</u> № <u>3</u> бұйрығы	Құжатты басқаратын тұлғаның қолы	Код № <u>ФМ/19.16. 2024</u> Экземпляр № Көшірме №






КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Атауы	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы
ӘЗІРЛЕУ	Ғылым департаментінің басшысы	Шамсутдинова А.Г.	
КЕЛІСУ	Ғылыми-технологиялық паркінің басшысы	Фахрадиев И.Р.	
	Проректор	Давлетов К.К.	
	Атқарушы директор	Лахов С.В.	
	Қаржы директоры	Искаков С.С.	
	Экономика және жоспарлау департаментінің басшысы	Нұрахметұлы И.	
	Бухгалтерлік есеп және есеп беру департаментінің басшысы– Бас бухгалтер	Кубеева Ж.У.	
	Заң департаменті басшысының м. а.	Ахмет А.Н.	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы	Әнуар Ә.Ә.	
Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы	Жангирбаев М.Т.		

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже

Мазмұны	беті
1. Жалпы ережелер	4
2. Нормативтік сілтемелер	4
3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	5
4. Жарияланым белсенділігін ынталандыру тәртібі мен шарттары	6
5. Ғылыми жарияланымдарды іріктеу тәртібі	6
6. Ынталандыру төлемдерін есептеу және беру тәртібі	8
7. Қорытынды ережелер	8
8. Қосымша 1. Scopus дерекқорында индекстелетін халықаралық рейтингтік басылымдарда жарық көрген ғылыми жарияланымдардың деректерін толтыру формасы	9
9. Танысу парағы	10
10. Өзгерістерді тіркеу парағы	11

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже
		Редакция: 1 Страница 4 из 11

1. Жалпы ережелер

1.1. Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) Жарғысына сәйкес, университеттің профессор-оқытушылар құрамы (бұдан әрі – ПОҚ) мен қызметкерлерінің жарияланым белсенділігін ынталандыру мақсатында әзірленген;

1.2. Осы Ереженің практикалық іске асырылуы ПОҚ пен Университет қызметкерлеріне әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануға, сондай-ақ жоғары беделге ие жоғары рейтингтік халықаралық ғылыми басылымдарда жариялану үшін қолайлы жағдай жасауға және Университеттің рейтингтік көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік береді;

1.3. Осы Ережеде Scopus дерекқорында (Скопус) индекстелетін халықаралық рейтингтік басылымдарда жарияланым белсенділігі нәтижелері бойынша ынталандырушы төлемдер қарастырылған, олар Ережеде белгіленген тәртіп, шарттар мен талаптарға сәйкес жүргізіледі;

1.4. Ғылыми жарияланымдар авторлары/авторлық ұжымдарына ынталандыру төлемдерін беру тәртібін жүргізу кезінде ISO 37001 халықаралық стандарттары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар сақталады;


1.5. Осы Ереже, сондай-ақ Ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Университет Басқармасының шешімімен бекітіледі;

1.6. Осы Ереженің практикалық іске асырылуына жауапты тұлға – Университеттің ғылыми қызметін қадағалайтын проректормен үйлестірілетін Ғылым департаменті.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1. Осы Ереже университеттің қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген:

- 1) Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;
- 2) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI кодексі;
- 3) «Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім)» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-XIII кодексі;
- 4) «Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім)» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі №409-I кодексі;
- 5) «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV Заңы;
- 6) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;
- 7) «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы №6-I Заңы;


	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже

- 8) «Қазақстан Республикасының Патенттік заңы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі №427-І Заңы;
- 9) «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы №381-V Заңы;
- 10) ISO 9001:2015 халықаралық стандарты, сапа менеджменті жүйесінің бекітілген құжаттары (Университеттің сапа саласындағы саясаты мен мақсаттары, сапа жөніндегі нұсқаулық, құжатталған сапа процедуралары және т.б.);
- 11) ISO 37001 халықаралық стандартын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын, Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын.

3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

3.1. Осы Ережеде келесі терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылған:

- 1) **Ғылыми жарияланым** – мәтінді құру мен ресімдеудің академиялық стандарттарын сақтай отырып, ғылыми басылымда жарияланған мәтін;
- 2) **Жарияланым** – басылған шығарма, баспалар баспа түрінде немесе doi нөмірі, редакторы және белгіленген басылымы бар электронды ақпарат құралдарында жарияланған мәтіндерді қамтиды;
- 3) **Жыртқыш журнал** – агрессивті және этикаға сай емес әдістерді қолданатын басылым, авторларды тарту үшін минималды немесе мүлдем жоқ рецензиялауды ұсынады, мақалаларды елеулі жариялау ақыларын төлеу арқылы жариялайды және өз метрикалары мен беделді деректер базаларындағы индексациялары туралы жалған ақпарат таратады, бұл нәтижесінде ғылыми сапаның төмендеуіне және жарияланған жұмыстарға деген сенімнің жоғалуына әкеледі;
- 4) **Квартиль** – ғылыми журналдардың санаты, ол дәйексөз деңгейін көрсететін библиометриялық көрсеткіштермен анықталады, яғни ғылыми қоғамдастықтың журналға деген сұранысы. Рейтинг нәтижесінде әр журнал төрт кварталдің біріне түседі: Q1-ден (ең жоғары) Q4-ке дейін (ең төменгі). Ең беделді журналдар, әдетте, алғашқы екі кварталге жатады – Q1 және Q2;
- 5) **Профессорлық-оқытушылық құрам мен қызметкерлер** – Университеттегі негізгі жұмыс орны бойынша 0,5 мөлшерлемеден кем емес еңбекақы төлеу жағдайында қызметкер болып табылатын және еңбек функциясын орындайтын университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлері;
- 6) **CiteScore бойынша процентиль** – журналдың ұқсас ғылыми саладағы журналдар рейтингіндегі орнын көрсететін көрсеткіш, бұл әртүрлі ғылыми салалардағы журналдарды дұрыс салыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. AJCC (All Science Journal Classification) жіктемесі бойынша Scopus журналдарының әрбір пәндік санаттары үшін оған жататын журналдар CiteScore көрсеткішінің кемуі бойынша реттеледі. Кесте №1 сәйкес, әрбір категория (квартиль) белгілі бір процентильдер диапазонын қамтиды.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже

№1 кесте

Q ₁ (I квартиль)	75-99 процентильдер
Q ₂ (II квартиль)	50-74 процентильдер
Q ₃ (III квартиль)	25-49 процентильдер
Q ₄ (IV квартиль)	0-24 процентильдер

7) **SCImago Journal rank (SJR)** – ғылыми журналдардың әсер ету индикаторы, ол осы журнал мақалаларының дәйексөздерінің саны, сондай-ақ дәйексөз басылымдарының журналдарының маңыздылығы негізінде есептеледі;

8) **Scopus (Скопус)** – деректерді бақылау, талдау және визуализациялау құралдары бар рецензияланған ғылыми әдебиеттердің аннотациялары мен дәйексөздері туралы ақпаратты қамтитын ең үлкен дерекқор.

4. Жарияланым белсенділігін ынталандыру тәртібі мен шарттары

4.1. Университеттің ПОҚ мен қызметкерлерінің жарияланымдық белсенділігін ынталандыру бюджеттен тыс қаражат есебінен жүзеге асырылады;

4.2. Ынталандыру төлемдері Университеттің штаттық қызметкерлеріне және негізгі жұмыс орны Университетте кемінде 0,5 ставка жағдайында еңбек функциясын орындайтын профессорлық-оқытушылық құрам мен қызметкерлеріне қарастырылған;

4.3. Ғылыми жарияланымдарды іріктеу әр күнтізбелік жартыжылдықтың ішінде тұрақты негізде жүргізіледі;

4.4. Әрбір күнтізбелік жартыжылдықтың басында Университеттің ресми сайтында (<https://kaznmu.edu.kz>) ғылыми жарияланымдар туралы есептерді қабылдау жарияланады және олардың берілу тәртібі мен іріктеу рәсімінің өткізілу мерзімдері туралы ақпарат орналастырылады;


4.5. Ғылыми жарияланымдар туралы есептерді уақтылы дайындау және жіберу Университеттің мектептері/факультеттері/құрылымдық бөлімшелері арқылы жүзеге асырылады, олар белгіленген тәртіп бойынша Ғылым департаментімен өзара іс-қимыл жасайды;

4.6. Ғылым департаменті мектептердің/факультеттердің/құрылымдық бөлімшелердің есептерін жинауды қамтамасыз етеді және оларды өңдеу нәтижелері бойынша, ынталандыру төлемдерінің болжамды саны мен олардың көлемдерін Кесте №1-де белгіленген грацияға сәйкес көрсете отырып, Университеттің даму жоспарына қаржылық резерв құруға өтінім береді.

5. Ғылыми жарияланымдарды іріктеу тәртібі

5.1.

5.1. ПОҚ және Университет қызметкерлері ғылыми жарияланымдар тізімін (1-қосымша) Деканның/факультет жетекшісінің немесе құрылымдық бөлімше басшысының қолымен бекітілген электрондық және сканерленген форматта Ғылым департаментіне ұсынады;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже
		Редакция: 1 Страница 7 из 11

5.2. Ғылым департаменті ғылыми жарияланымдардың осы Ережеде белгіленген шарттар мен талаптарға сәйкестігін тексереді;

5.3. Ынталандыру төлемін алу үшін іріктеуден өтуге арналған ғылыми жарияланымға қойылатын талаптар тізімі:

- 1) Алғаш рет ынталандыру төлемін алу үшін іріктеу рәсімінен өтуде;
- 2) Ғылым саласындағы келесі бағыттарға қатысты: медицина, стоматология, биология және эпидемиология, фармация, денсаулық сақтау, химия, денсаулық сақтау саласындағы кәсіптер, пәнаралық бағыттар, сондай-ақ философия, Қазақстан тарихы, социология, әлеуметтік жұмыс, саясаттану, дінтану, теология, педагогика, әлеуметтік педагогика және халықаралық қатынастар, мәдениеттану;
- 3) Scopus (Скопус) деректер базасында индекстелген халықаралық рейтингілік басылымда жарияланған және іріктеу жүргізу кезінде жарияланым күні алдыңғы күнтізбелік жылдан ерте емес мерзімде болуы;
- 4) Журналдың тұрақты нөмірінде/шығарылымында және/немесе арнайы шығарылымда (Special Issue) жарияланған болуы;
- 5) Толыққанды зерттеу мақаласы (research articles) және шолуы (review) ашық немесе жабық қолжетімділікпен болуы;
- 6) Аффилиацияда Университеттің келесі әмбебап атауларының бірі көрсетілуі тиіс: «С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті», «Asfendiyarov Kazakh National Medical University», «S.D. Asfendiyarov Kazakh National Medical University», «Kazakh National Medical University».


5.4. Іріктеу рәсіміне келесі ғылыми жарияланымдар жіберілмейді:

- 1) ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі немесе өзге мемлекеттік ұйымдардың бюджетінен гранттық немесе бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру шеңберінде қаржыландырылған;
- 2) Жыртқыш басылымдарының бір немесе бірнеше белгілерін көрсететін журналдарда жарияланған;
- 3) Конференция материалдары мен тезистері, жарияланған монографиялар мен кітаптарға арналған мақалалар-аннотациялар, редакторға хаттар және қысқа абстракт мақалалар.

5.5. Тексеру нәтижелері бойынша, Ғылым департаменті осы Ереженің шарттары мен талаптарына сәйкес келетін ғылыми жарияланымдардың авторлары/авторлық ұжымдары тізімін жасайды және олардың құжаттарын Университеттің Ғылыми кеңесінің қарауына және бекітуіне ұсынады;

5.6. Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде, растайтын құжаттарға сәйкес, Ғылым департаменті Экономика және жоспарлау департаментімен және Адами ресурстарын дамыту департаментімен бірлесе отырып, ынталандыру төлемдері берілетін ғылыми жарияланымдардың авторлары/авторлық ұжымдарының соңғы тізімін жасайды және Университет Басқарма Төрағасы – Ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның тиісті бұйрық жобасын дайындауды қамтамасыз етеді;

5.7. Ғылыми жарияланымдардың авторлары/авторлық ұжымдары тізімдері мен олардың растайтын құжаттары Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже

белгіленген мерзімге дейін Ғылым департаментінде сақталады.

6. Ынталандыру төлемдерін есептеу және беру тәртібі

6.1. Ынталандыру төлемдерінің мөлшері Scopus (Скопус) деректер базасындағы ғылыми басылымдардың процентиальдер бойынша сегіз диапазонға бөлінуіне байланысты;

6.2. Төлемдер есебі 1-ші Кестеге сәйкес журналдардың келесі санаттары (квартильдері) үшін процентиальдер бойынша жүзеге асырылады: 75-99 процентиальдер – 1-ші санат (Q1 квартал), 50-74 процентиальдер – 2-ші санат (Q2 квартал), 25-49 процентиальдер – 3-ші санат (Q3 квартал);

6.3. Бір авторға берілетін ынталандыру төлемінің ең жоғарғы сомасы:

- 1) бір күнтізбелік жартыжылдық ішінде 2 500 000 (екі миллион бес жүз мың) теңгеден аспауы керек;
- 2) бір күнтізбелік жыл ішінде 5 000 000 (бес миллион) теңгеден аспауы керек.

6.4. Бухгалтерлік есеп және есеп беру департаменті ынталандыру төлемдерін ғылыми жарияланымдардың авторларының есеп айырысу шотына Университет Басқарма Төрағасы – Ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығы негізінде аударады;

№2 кесте


Scopus (Скопус) базасындағы журналдың процентиальі	Ынталандыру, теңгемен
90-99	1 000 000 (бір миллион)
80-89	900 000 (тоғызжүз мың)
70-79	800 000 (сегізжүз мың)
60-69	700 000 (жетіжүз мың)
50-59	600 000 (алтызжүз мың)
40-49	500 000 (бесжүз мың)
30-39	400 000 (төртжүз мың)
25-29	300 000 (үшжүз мың)

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Ереженің орындалуын бақылау Университеттің ғылыми қызметін қадағалайтын проректорға жүктеледі;

7.2. Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңа редакциядағы Ережені қабылдағанға дейін қолданылады;

7.3. Ғылым департаментінің басшысы осы Ереженің қолданыстағы нормаларын профессорлық-оқытушылық құрам мен Университет қызметкерлеріне жеткізуді, сондай-ақ Ережені уақтылы өзектендіруді қамтамасыз етеді.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже
		Редакция: 1 Страница 9 из 11

Қосымша 1

Scopus деректер базасында индекстелген халықаралық рейтингілік басылымдарда жарияланған ғылыми жарияланымдардың шығу деректерін толтыруға арналған форма

№	Title / Жарияланым тақырыбы	Authors / Авторлардың Т.А.Ә.	Year of publication on Scopus / Scopus базасында жарияланғ ан жылы	Affiliation / Аффилиация	Scopus Source title / Scopus базасындағы журнал атауы	Scopus journal percentile / Scopus базасындағы журналдың процентілі	Scopus link / SCOPUS базасындағы жарияланым ға сілтеме	Funding / Жарияланы мның гранттық қаржыланды руы (грант нөмірі мен қайнар көзін көрсету)	Contacts / Байланыс тәсілі

Декан /Басшысы

қолы

Т.А.Ә.

